



ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК
*Карагандинской академии
Министерства внутренних дел
Республики Казахстан
имени Баримбека Бейсенова*

№ 3

2019

Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбаек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
2019 жылғы № 3
ХАБАРШЫСЫ
30 қыркүйек

ВЕСТНИК
Карагандинской академии
МВД Республики Казахстан
им. Баримбека Бейсенова
№ 3 за 2019 год
30 сентября

Зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан

Свидетельство № 12781-Ж от 31.05.2012 г.

Серия основана в 1974 г.

Главный редактор

О. Т. Сейтжанов, кандидат юридических наук, доцент

Редакционная коллегия

*М. Ю. Бурдин, доктор юридических наук, профессор
(Республика Украина);*

*А. Х. Миндагулов, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);*

*У. Х. Мухамедов, доктор юридических наук, профессор
(Республика Узбекистан);*

*И. А. Насонова, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);*

*Н. С. Нижник, доктор юридических наук,
профессор, Заслуженный работник высшей школы
(Российская Федерация);*

*К. М. Осмоналиев, доктор юридических наук, профессор
(Кыргызская Республика);*

*В. В. Кожокар, кандидат юридических наук
(Российская Федерация);*

*П. В. Гридюшко, кандидат юридических наук, доцент
(Республика Беларусь);*

И. Ш. Борчаивили, доктор юридических наук, профессор;

С. Е. Каиржанова, доктор юридических наук, доцент;

М. Ч. Когамов, доктор юридических наук, профессор;

К. С. Лакбаев, доктор юридических наук, профессор;

С. С. Молдабаев, доктор юридических наук, профессор;

Е. О. Тузельбаев, доктор юридических наук, профессор;

З. С. Токубаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Д. Шаймуханов, доктор юридических наук, профессор;

С. К. Алтайбаев, кандидат юридических наук;

А. Б. Жакулин, кандидат юридических наук, доцент;

Ж. Ш. Кусаинов, ответственный секретарь

**Над номером
работали**

Редакторы

Е. Ю. Лухтина,
Б. А. Қалиев

**Дизайн,
техническое
редактирование и ком-
пьютерная вёрстка:**

С. М. Аубакирова

Сдано в набор 29.07.2019.

Подписано в печать
16.09.2019.

Усл. печ. л. 6,51.

Формат 60×84^{1/8}.

Бумага офсетная.

Печать офсетная.

Заказ № 3223.

Тираж 200 экз.

Издается 1 раз в квартал

Материалы редакцией
не возвращаются.
Перепечатка материалов
возможна только
с разрешения редакции.

Тематический план издания
ведомственной литературы
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова
на 2019 г., позиция № 3.
Отпечатано в типографии
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда,
ул. Ермакова, 124.

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ПРОБЛЕМЫ ПРАВА И ПРАВОПРИМЕНЕНИЯ

ӘОЖ 343.54

Қ.Н. Абуғалиев, Ғылыми-зерттеу институтының Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Жыныстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмаған қылмыстық топтардың қылмыс жасаудағы психологиялық сипаттамалары

Аннотация. Бүгінгі таңда жыныстық еркіндігіне қарсы бағытталған қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесі аса жоғары және ол көп кездесетін қылмыс түрі болып табылады. Бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін осындай қылмыстарды жасау адамдардың заңмен қорғалатын жыныстық өмірінің еркіндігіне қасақана қайшы әрекеттер жасау жолымен, жәбірленушілердің имандылық түсінігіне, жан-дүниесіне, адами қасиеттеріне зардап келтіру арқылы, адамдардың өміріне, сондай-ақ денінің саулығына қауіп-қатер туындаатады. Ендігі бір назар аударатын жайт, аталмыш жыныстық қылмыстар кәмелетке толмағандар арасында да белең алуда. Бұндай құқық бұзушылыққа баруда аталған санаттағы құқық бұзушылар көбінесе одан болатын зардаптардың, жауаптылықтың салмағына аса мән бермейді. Автор мақалада жыныстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған қылмыстық топтардың қылмыс жасаудағы психологиялық сипаттамаларын ашуға тырысқан. Осы орайдағы зерттеушілердің пікірлерін салыстыру барысында өзіндік тұжырым жасалған.

Негізгі сөздер: жыныстық құқық бұзушылықтар, кәмелетке толмағандар, психологиялық сипаттама, құрбан, содырлар, маньяк, сот-психологиялық сараптама.

Кәмелетке толмағандардың топтасу механизмдері, топ ішіндегі қарым-қатынас психологиясы және жасөспірімнің қандай да бір топқа түсу ниеті ХХ ғасыр бойында тұтастай зерттеуге алынды десе де болады. Сол кездерде отандық та, шетелдік те ғылыми әдебиеттерде еңбектердің басым көпшілігі жасөспірімнің сексуалдық мінез-құлқына, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық мәселелеріне не болмаса олардың топ ішіндегі әумесерлік мінез-құлық ерекшеліктеріне арналды. Мұндай топтардың әрекет мақсаты қылмыс төңірегінде болғандықтан, В.М. Быков бұл ұғымның төмендегідей белгілерін айқындауға тырысады, яғни қылмыстық топ — бұл әлеуметтік психология позициясындағы адамдардың бірігуі, шағын биресми топ; оның бағыты қоғамға қарсы; бірігу ортақ қылмыстық әрекет негізінде болады; топ мүшелері белгілі дәрежеде ұйымдастырылған; топ қылмыстық әрекеттің ортақ ерекше субъектісі ретінде орын алады [1].

Тергеу практикасында кездескен қылмыстық топтарды зерделей келе, оларды ұйымдасу деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

Бірінші тип — топтасып қылмыс жасау үшін кездейсоқ немесе жағдайға қарай біріге салған кездейсоқ топ. Бұл тип әсіресе кәмелетке толмағандарға тән және психологиялық

тұрғысынан мейлінше қарапайым болып келеді. Әдетте, бұл кәмелетке толмағандар басында қандай да бір эмоциялық факторлардың әсерімен бірігеді де, сонынан ол қоғамға жат әрекеттерге ұласуы мүмкін. Бұл топтың біріге салып қылмысқа баруы екіталай. Бұл типтегі топтарда әлі психологиялық және функциялық құрылым қалыптаса қоймайды, басшылары анықталмаған, шешімді негізінен нақты жағдайға қатысты сезімнің әсерімен топ болып қабылдайды. Топтағы рөлдері де бөлінбеген, соншалықты дайындық жүргізбей-ақ, біріккен түрде қылмысты жасай береді. Әрекеттерінің көбі ойластырылған жоспарсыз, әп-сәттегі сезім әсерімен жүзеге асырылады. Мұндай қылмыстық түзілімдердің, ерекше жағдайларды айтпағанда, басым көпшілігі тұрақсыз, бір немесе бірнеше әрекеттерді жасағаннан кейін әдетте ыдырап кетіп жатады. Топқа қатысушылардың көбісі қылмыстық жазаға ұшыраймын деп ойламайды да.

Ғылыми әдебиеттерде бұл типтес топтар әртүрлі атауға ие болды. И.П. Башкатовтың пікірінше, әлеуметтік бейтарап қарым-қатынас тобы немесе бір сөзбен айтқанда «содырлар» [2].

Жасөспірімдер қылмыстық бірлестігінің тағы бір түрі — «компания» типті қылмыстық топтар. Бұлар қылмыстық шеберліктеріне қарай, қалтаға түсушілер, алаяқтар, тонаушылар және т. б. болып, бөлек-бөлек топтасады. Бұл қылмыстық топтарда тұрақтылық белгілері қалыптасқан және өзінің құрылымы мен ұйымдасуы жағынан мейлінше күрделі. Мұндай қылмыстық топ жасөспірімдік, турасын айтқанда бозбалалық кезеңге тән. Өзлерінің пайдакүнөмдік қажеттіліктерін заңға қайшы, яғни қылмыстық жолмен табуға бейім. Мұндай компаниялар мүлік ұрлау, тонау, қарақшылық шабуыл, бұзақылық, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, зорлау сияқты қылмыстарға барады. Аталған типтегі топтарда психологиялық және функциялық құрылым қалыптаса қоймағанымен, тұрақты жеке құрам сынды оның жекелеген элементтері пайда бола бастайды. Олардың ішіндегі белсендісі, беделдісі жетекші рөлін атқара бастайды. Мүшелері өз әрекеттерінде қылмыстық мақсатқа қол жеткізудегі айқын қылмыстық идеяларды, дәстүрлі, қылмыстық-кәсіби көзқарастарды ұстана бастайды.

Бұл топ алдыңғы қарастырылған топқа қарағанда барынша ұйымдастырылған болып табылады. Бірқатар жағдайларда олар құқық бұзушылық жасауға белгілі бір дайындықпен келеді: «операция» жоспарын дайындайды, өзара қызметтерін бөліседі, топтағы сылбыр мүшелерді кейде мәжбүрлі түрде итермелейді де.

Соңғы тип — қалыптасып болған аса қауіпті қылмыстық топ. И.П. Башкатов мұндай топтарды тұрақты қылмыстық деп белгілейді. Бұл ұйымдасқан қылмыстық топта психологиялық құрылым айқын қалыптасқан: басында оны ұйымдастырушысы және жетекшісі — лидер тұрады, онан кейін қатардағы қатысушылар орын алады. Топ ішінен лидерлікке ұмтылып жүрген «қарсылас» та табылып жатады. Топтың түгелдей ішкі өмірі ірі пайда табу мақсатындағы бірқатар қылмыстар жасауға бағытталады. Ұйымдасқан қылмыстық топта рөлдер нақты бөлінеді: мүшелерінің бірі қылмыс дайындығына кіріседі (барлау жасайды, ыңғайлы қылмыс объектілерін іздестіреді, қылмыс жасаудың ыңғайлы тәсілдерін дайындайды), өзгелері — тікелей қылмысқа қатысады, үшіншілері — ұрланғандарды сақтауды, тасымалдауды және өткізуді қамтамсыз етеді. Әркім өз міндеттерін айқын білгендіктен, топ ұйымдасқан түрде жұмыла жұмыс жасайды.

Кәмелетке толмағандар үшін топтық сексуалдық қылмыстарды жасаудың өзіндік бірқатар басымдылықтары да болады [3]. Біріншіден, біріккен топтың арқасында мақсатқа қол жеткізуге болады, өйткені (жәбірленушінің белсенді қарсыласуы жағдайында) жеке дара ол мүмкін емес еді. Бұл сәт жеткілікті дене күші мен сексуалдық тәжірибесі жоқ, жек өзі құрбанының қарсылығына төтеп бере алмайтын кәмелетке толмағандар үшін аса маңызды болмақ. Екіншіден, топтың өзге мүшелерінің болуы және олардың тарапынан болатын әлеуметтік қолдау жасөспірімге өздігімен іске асыра алмайтын сексуалдық және агрессиялық

әрекетін жүзеге асыруына батылдық береді. Үшіншіден, бұл сәт топтық сексуалдық қылмысқа қатысушылардың алдында өзінің ержүректілігі мен сексуалдық тәжірибелілігін көрсетуге таптырмас мүмкіндік. Төртіншіден, кейбір қылмыскерлер үшін өзінің қажетін топпен қанағаттандыру қосымша сексуалдық әуестенушілік болып, кейін өзінің сексуалдық қажетін іске асырудың ерекше түріне айналуына әкпе соқтырады. Осыған орай зерттеуші З. Старовичтің пікіріне сүйенетін болсақ, бірқатар зорлаушыларды тексере келгенде, оған топтық зорлауға қатысудың нәтижесінде болған ерте сексуалдық бастама себеп болған [4].

Зерттеуші Л.П. Конышева да сексуалдық зорлық-зомбылық проблемаларына біршама тоқталып баға берген [5]. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлау туралы қылмыстық істерді тергеп-тексерудің психологиялық проблемаларын зерттей келе, автор осындай қылмыстарды жасайтын сексуалдық қылмыскерлердің жеке басына қатысты мәселелерді қозғайды. Ол дайындаған сексуалдық қылмыскерлердің типологиясында топтық зорлауды жасайтын адамдардың төмендегідей үш санаты ажыратылады:

1. Қоғамға қарсы мәні басым антиәлеуметтік бағыттағы топ қатысушылары: әйел адамдармен дөрекі, қатал түрде қарым-қатынас жасауды жөн көреді, кейде тіпті топтық гетеросексуалдық белсенділік танытқанды мақтан көреді. Бұл типтес қылмыстардың көбісі нақты құрбаны анықталмаса да, алдын ала жоспарланған болады. Қылмыстың бұл түрі топқа жаңа мүшенің қосылуына қарай салт ретінде де жасалады. Құрбандары — сыныптас қыздар, көршілері немесе ішімдік не есірткі қолдануға бейім, ақыл-есі кем, қараусыз қыздар. Кейде кездейсоқ адамдар да болуы мүмкін.

2. Құрбандарының жалпы мінез-құлқынан қарсыласпайды деп үміттенуі себебімен топтық зорлауға қатысушылар. Күтпеген жержен құрбанының қарсыласыу қылмыскерде футрацияның пайда болуына әкеледі. Мұндай типтегі қылмыс әдетте аса зұлымдықпен жасалады. Кей жағдайларда жәбірленуші топ мүшелерінің бірімен интимдік қатынасқа келіседі де, кейін күтпеген жерден бәрімен жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлейді.

3. «Кек алу» мақсатында таныс құрбандарын топтық зорлауға қатысушылар. Мұндай топтар көбіне 2 адамнан құралады. Бұл типтегі қылмыстарды ұйымдастырушылар әдетте қыздар болады. Бұндай сексуалдық қылмыстар да зұлымдықпен, әртүрлі садистік әрекеттермен жасалады.

Бұл аталған типологияның сот-психологиялық сараптама жүргізу кезінде өзіндік жемісі беретініне күмән жоқ. Дегенмен мұны да кемшіліксіз деп айтуға болмайды, әсіресе, саралау негізінің әртектілігін аңғаруға болады.

Ғылыми әдебиеттерде және бір ойып орын алатын сексуалдық зорлау қылмыстарын жасайтын топтарды саралаудағы В.П. Пиражковтың типологиясын атауға болады [6]. Ол сексуалдық агрессияны жасау сипатына қарай қылмыстық топтарды төмендегідей тоғыз типке бөледі:

Бірінші тип — зорлауды қолайлы жағдайдың нәтижесі деп түсінетін, әлі де заңға бағынатын жасөспірімдер мен бозбалалар.

Екінші тип — «топтық сексуалдық маньяк» типі. Бұл топтар зорлау жасау үшін арнайы құрылған. Топтың мейлінше тәжірибелі мүшелері құрбанды іздеп табады, онымен бірге тұрады (мұның бәрі топтың лидерінің нұсқауымен болады), кейін құрбанын топқа «тастайды».

Үшінші — зорлау олар үшін көңіл аудару, негізгі қылмыстарынан (тонау, қарақшылық) демалу болып табылатын қылмыстық топтар. Жасалу жобасы әдеттегідей, құрбанның танысу, оны өзінің сезіміне иландыру, сонан соң топ жиналып отырған үйге әкелу, соңынан зорлау, кейде өлтіріп тастау, кейде тірі қалдыру.

Төртінші — «аспиранттық». Құрбанымен танысу кезінде, әдетте қылмыскерлер өздерін беделді оқу орнының аспиранты, мәдениетті отбасынан шыққан бала ретінде көрсетеді.

Сонан соң беделді адаммен (профессормен, менеджермен т. б.) таныстырамын деп алдап, зорлауды жүзеге асыратын жерге алып барады.

Бесінші — кенеттен болатын, елсіз жерде бірінші кез келген әйелді немесе қызды зорлайды.

Алтыншы — зорлаушы-адам өлтірушлер тобы. Олар әдетте зорлаушыларды білетіндер мен оларды тани алатындарды өлтіреді.

Жетінші — сол топқа мүше болған қыздарды зорлау, кейін онымен кезек-кезек тұру.

Сегізінші — абитуриенттік, автордың пікірінше, қазіргі кезде барынша кең таралған. Кастингке немесе киноға түсуге деген желеумен вокзалдардан қалаға алғаш келген қыздарды аулайды. Құрбандарын киноға түсуге дайындық деген сылтаумен шешіндіреді де, соңынан зорлайды.

Тоғызыншы — «зэктерге» тән. Сотталған хат жазысып, болашақ құрбанымен танысады. Кездесуде оны өзі және ептештер зорлайды. Бұл тек колонияларда ғана емес, бостандықта да кеңінен таралған. Зорлаудың бұл типінің ерекшелігі топтың ішінен біреуі «сүйем-күйем» деп, қыздың сеніміне кіреді де, кейіннен ортаға «салып» жібереді. Көп жағдайда ізін жасыру үшін құрбанды өлтіруге дейін барады.

Мұндағы топтардың екінші және тоғызыншы типтері өзінің психологиялық мәні жағынан ұқсас, яғни екі жағдайда да топ мүшесінің білдірген сезімі құрбан үшін шырғалаңға апарады. Айырмашылығы — қылмыс мақсатында: бірге тұруға ұзағынан мәжбүрлеу немесе бір реттік эпизод.

Қарастырылған саралаудан олардың бірнеше негізге негізделетінін аңғаруға болады. Солардың ішінде екеуін айқындап көрсететін болсақ, біріншісі — кәмелетке толмағандарды топқа біріктіруге ықпал ететін ортақ қызмет түрлері. Мәселен,

– ойын-сауық, көңіл көтеретін, яғни топ мүшелері зорлау мен сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін ойын-сауық тәсілдерінің бірі ретінде қолданады;

– жалпы криминалдық, өзге, жалпы криминалдық қылмыстарды жасауға құрылған, ал жыныстық құқық бұзушылықтар олардың қылмыстарының қосымша түрі болып табылады;

– сексуалдық криминалдық, тек сексуалдық қылмыстарды жасауға арнайы біріккендер.

Екіншіден, типологияның негізі ретінде сексуалдық қылмыстарды жасау орын алады:

– сексуалдық қажетін қанағаттандыру, көңіл көтеру, «демалыс» түрі;

– топтың ұйымшылдығын арттыру немесе оның мүшелерінің біріне әсер ету мақсатында топтық салттың түрі;

– құрбанды жазалау түрі, құрбаннан кек алу.

– кейін құрбанды айтқанымен жүргізу және оны қылмыс мақсаттарына (жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу, қылмыстық әрекеттерге қатысу және т. б.) қолдану мақсатында бүлдіргіш психологиялық әсер ету тәсілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Быков В.М. Криминалистическая характеристика преступных групп. — Ташкент, 1986. 25-б.

2. Башкатов И.П. Психология асоциально-криминальных групп подростков и молодежи. — М.; Воронеж, 2002. 94-б.

3. Михайлова О.Ю. Криминальная сексуальная агрессия: экспериментально-психологическое исследование / Под ред. П.Н. Ермакова. — Ростов н/Д, 2000. 85-б.

4. Старович З. Судебная сексология: пер. с пол. — М., 1991. 117-б.

5. Коньшева Л.Н., Коченов М.М. Использование следователем психологических познаний при расследовании дел об изнасилованиях несовершеннолетних: Әдістемелік құрал. — М., 1989. 83-б.

6. Пирожков В.Ф. Криминальная психология. — М., 1998. Т. 1. 192-б.

РЕЗЮМЕ

Преступления, направленные против половой свободы, имеют высшую степень общественной опасности и являются наиболее распространенным видом преступлений. Степень общественной опасности этих преступлений наиболее высока, так как они создают угрозу жизни и здоровью людей, являются умышленными противоправными деяниями, посягающими на нравственность и половую свободу. Следует отметить, что данные сексуальные преступления нередко происходят и среди несовершеннолетних. Расследование с участием указанных категорий правонарушителей зачастую осложняется тем, что несовершеннолетние не осознают возможных последствий, ответственности. Автор раскрывает психологические характеристики совершения преступлений несовершеннолетними преступными группами, на основании изучения точек зрения ученых делает собственные выводы.

RESUME

Today, crimes against sexual freedom have the highest degree of public danger and are the most common type of crime. The degree of public danger of these crimes creates a threat to the life and health of people by committing deliberate illegal actions on the freedom of the legally protected sexual life of persons, by causing harm to the moral understanding, soul, and human qualities of the victims. It should be noted that these sexual crimes also occur among minors. When visiting such an offense, these categories of offenders often do not attach significant importance to the weight of possible consequences and responsibility. The author reveals the psychological characteristics of the Commission of crimes by juvenile criminal groups, based on the study of the points of view of scientists developed their own conclusions.

ӘОЖ 343.34

Қ.Е. Дүйсенов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстанда тыйым салынған діндерді арнайы алдын алудың кейбір мәселесі

Аннотация. Ғылыми мақалада Қазақстан аумағында қызмет етуге тыйым салынған діндердің алдын алу, олардың әрекеттерінің жолын кесу, қоғамдағы азаматтарды ескерту және сол діндерден сақтандыру қызметін үйлестіру қарастырылады. Душар жағдайды зерттей келе, радикалдар мен экстремистердің арнайы схемалық шаралары болуы нәтижесінде, Қазақстан халқының көпшілігіне қарсы екендігін күмән тудырмайды, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қарулы күштер, сондай-ақ жалпы мемлекетке қарсы екеніне көз жеткізуге болады. Әсіресе маңыздысы адамдардың патриотизм мен мақтаныш сезімін және де адамның психологиялық көзқарасын қалпына келтіру болып табылады. Осы жұмысты айтарлықтай жалғастыруға бұрын өздері радикалдардың қатарында болған адамдардың белсенді көмек көрсеткен кезде жұмысты жүргізу жеңіл болып келеді.

Қазақстанда тыйым салынған діндерді арнайы алдын алудың кейбір ...

Негізгі сөздер: арнайы алдын алу, салафиттік, радикалды, тақфирші — «джехатшылар», арбауға түскен адамдар.

Біздің елімізде діни экстремизмнің болуы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Діни экстремизм Қазақстанда аса үлкен көлемде белең алған жоқ, дегенмен айтарлықтай қауіп бар, егер оны уақытында ескеріп алдын алмаса, біздің елімізде де ондай қауіп пайда болуы мүмкін.

Біздің аумақта діни экстремизмнің мүмкіндігі ұзақ демократия мен азаматтық қоғам жолында зайырлы мемлекет ретінде біздің ұлттық қауіпсіздік пен мемлекет мифтік қауіп-қатерлер санатынан өтті» [1], — деп жазды.

Өткен жылдар Елбасы Н.Ә. Назарбаев сөзінің рас екенін және мемлекеттік органдардың діни экстремизмнің елімізге келтіретін қауіп-қатерін дұрыс бағаламағанын көрсетті.

Ғаламтор мен баспасөз материалдарын зерттегенде 2000–2014 жылдары діни экстремизмнің фактілері арта түскенін көрсетеді. Ұлттың және мемлекеттің қауіпсіздігі үшін, әрине, терроризмді бірінші орынға қою қажет. Олармен күресу уақыт күттірмес үлкен мәселенің бірі болмақ.

Демек, осы жолда күрестің бір бағыты — Қазақстан аумағында қызмет етуге тыйым салынған діндерді әшкерелеу, қызметтерінің жолын кесу, азаматтарды ескерту және сол діндерден сақтандыру қызметін үйлестіру.

Кейбір зерттеушінің қарастыруынша, қазіргі таңда Қазақстанда ерекше қауіпті топтардың бірі — салафиттік радикалды тақфирші — «джехатшылар» болып табылады, олардың кейбір ерекшелігіне нақтырақ тоқталып, соған қатысты олардың алдын алуда кешенді жұмыстар құрылуы қажет.

Сонымен, тақфирші — «джехатшылардың» діннің атын жамыла отырып, зайырлы және рухани билікті басып алуға бағытталған, қоғамдағы дәстүрлі діни ұстанымдарды бұзуға, елдегі және аумақтардағы саяси және әлеуметтік жағдайларды тұрақсыздандыруға байланысты әмбебап идеологиясы мен әдістемелері бар.

Тақфирші — «джехатшылардың» біртекті радикалды идеологиясы мен әдістемелерін қолданулары тарихта тек Қазақстанмен ғана байланысты емес, олар, сонымен қоса басқа да елдерде қолданылған, олар: Мысыр, Сирия, Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей Федерациясының аумағында Шешенстан мен Дағыстанда және т. б.

Барлық тақфирші — «джехатшы» бағытындағы топтар үшін тұрғындарға әсер етуі, адамның санасын бұрмалау тетіктері және басқа да ағымдағы әрекеттік (қазіргі, заманауи) сипаттары біртекті болып келеді.

Тұрғындарға әсер ету тәсілдері келесідей: жастар арасында мұсылмандықтың ұғым түсініктері мен негізгі білімдерін немесе басқа да сұрақтарын бұрмалай түсіндіруді тарату; адамның сыни және қалыпты ойлауын шектеу немесе тығырыққа тіреу жолымен өздерінің көзқарастарын, ұстанымдарын енгізу үшін психологиялық бұрмалаулармен мәжбүрлеуге әкелу; адамға эмоциялық тұрғыдан діни сезімдеріне әсер ету: ағайындық, жанашулық және мүсіркеулік, реніш, кек алу, жатсыну және т. б.

Санаға әсер етудің тетіктеріне келетін болсақ: исламдық ережелерді бұрмалап түсіндіруге бағыттылық; «Кім намаз оқымаса, сол кәпір» (нақты мұсылман құқығы ережелерін есепке алмай); «Алланың жібергенінен басқаны орындаған — сол кәпір» (аталған ереженің мазмұнын бұрмалаудан басқа, радикалдықтар әріп қуалауы, оның мүлтіксіз орындалуын талап ету); «Аль-уаля уаль-бара» қағидасы (достық пен іске қатысы жоқ) (қатысы жоқтық күнәһарлардан аластау емес, кім радикалдармен бірге болмаса, соларға деген өшпенділік); өздерінің топтарының қатарына теологиялық тұрғыдан білімді адамдарды, тақфиршілер мен «джехатшылар» идеологиясынан өздерінің мүшелерін

тайдыратын басқа да адамдарды, соған қоса, «аманат» (топтарынан, жамағаттан «құпияларын» сыртқа шығармайды), «ғайбат» (яғни радикалдың басшысының беделіне қатысты қандайда бір сын айтылғанда басқа сенушілердің сыртынан «әңгіме», «өсек» айту болдырмау) ұғымдарын қолдануға бағытталған ұстанымдарын жоққа шығаратын адамдардың енуіне шектеу қояды және т. б.; пұтқа табынатындарға діни өшпенділік негізінде күрес жүргізуді дәріптеу, соның негізінде пұтқа табыну болып зайырлы мемлекет пен оның жүйесі де саналады, олар радикалды топтардың мүшелерінің құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарға қатысты агрессияны туындатады.

Такфиршілер мен «джихатшылардың» ағымдық сипаттамалары: ұйымшылдық пен тарап кету қауіптілігі; адам өлтіруге және өзін өлтіруге дайындығы; жинақылық және шапшаңдық; өздерінің спортзалдарын жасақтау, белсенді физикалық дайындық, «өзін-өзі қорғау» (кімнен?) мақсатында жасақ құру, топтасу идеяларын алға тарту (бұл беталыс 1988–1991 жылдары «Өзбекстан ислам қозғалысы» террористік ұйымның тәжірибесінде кездескен) [2] әскери-тактикалық дайындық (теориядан тәжірибеге өту); ғаламтор арқылы басқару (радикалды діни идеологияның сырттан пайда болуы мен сырттан енгізу дәлелі болып отыр); топтағы басшыларының рөлі, оларға тән физикалық күш пен харизматикалық ерекшеліктер жас адамдарға тән ерекше құндылық сияқты; криминализация (қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау және қылмыскерлердің есебінен олардың санын көбейту); әр жастағы радикалдық бағыттағы әйел жақтаушылары, ерлері мен ұлдарына террорлық әрекеттерді ұйымдастыру мен джихаттықтың нақ қазан ошағына бару, дұрыстығын үгіттеп, дәлелдеу арқылы оларға кері әсерін тигізу.

Тағы бір маңызды тұсы қазіргі таңдағы джихатшылар мен такфиршілердің идеологиясы салафизм мен исламдық радикалды саяси «ихван» ағымының аралас ұстанымдары әрі ол фактілі түрде сендірілген ұстаным болып табылады. Бұның негізі ХХ ғасырдың ІІ жартысында египеттік партияның «Ихвануль-муслимуннің» («Мұсылман бауырлар», «Мұсылман бауырластығы») радикалдық қанатынан бөлініп шыққандар.

Арнайы алдын алуды жүзеге асырғанда радикалды діни ойлардың жақтаушыларына жүргізілген діни, психикалық, психологиялық және идеологиялық, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық мәселелердің қиын манипуляциясының алдын алу шаралары жүргізілуі қажет.

Осындай жағдайда орыс зерттеушісі В.И. Ильин: «Әлеуметтік көмек, дәрілік зат ретінде тиімді. Бір адамды құтқаратын, осындай табыспен басқасын өлтіретін» [3] сөздерінен белгілі бір қажетті ой түюге болады. Бұл байланыста радикалды әсердің алдын алу түрі діни орталық байланысында арнайы деп аталады. Бұндай жұмыста белгілі бір тұлғаның деструктивті әсері төнген көптеген ерекшелік бар, жалпы алдын алу шараларында қолданылатын радикалды әсерге түспеген тұлғаға еш қажеті жоқ.

Радикалды ортаға түсіп қалған адамға алдын алу көмегін көрсету келесідей: діни (теологиялық) білім; психологиялық түзету; дүниетанымдық және патриоттық тәрбие беру; әлеуметтік қалпына келтіру.

Алдын алу шараларының тиімдісі діни түсіндіруден басталып басқа да түріне өтеді.

Нысанның арнайы алдын алу шаралары ретінде ең әлсіз жерінің белсенді сол және басқа «терапия» түрін қолдану қажет. Сонымен қатар белгілі жағдайлардан арнайы алдын алу шаралары топтық болуы мүмкін.

«Арбауға түскен адамдар» санатындағылардың ішінен қылмыстық құқық бұзушылық жасағандар, сотталып, қоғамнан бөлек және бос бостандығынан айыру мекемесінде отыруы қажет. Осыдан кейін олармен пенитенциалды алдын алу шаралары өткізілуі мүмкін. Бірінші кезектегі тұлғалар қылмыстық құқық бұзушылықтар жасамаған, бірақ жасауы мүмкіндерді

Қазақстанда тыйым салынған діндерді арнайы алдын алудың кейбір ...

психологиялық тазалаудан өткізіп, экстремизм немесе басқа да қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың алдын алуға болады.

Такфиршілер мен «джихадшылар» тек арнайы білімі бар мұсылмандық діни қызметкерлердің, әртүрлі бағыттағылардың айтқандарын ғана қабылдамайды. Бұндай байланыстағы, берілген санаттағы экстремистерге көмек бере алатын теолог — шеберлерге іздеу салынууда. Діни радикалды жүзеге асыра алатын, олармен «бір тілде» сөйлей алатын, өзінің мақсатын қоя білетін және қоғамның, сонымен қатар мемлекеттің қызығушылығын арттыратын адам қажет.

Радикалды діннен жапа шеккен адамдармен арнайы алдын алу шаралары келесідей болмақ: діни сауаттандыру; психологиялық түзету; әлеуметтік оңалту (олар құқықтық және шарифаттық негізде, кәсіптік білім алуға жәрдемдесу, жұмысқа орналасуға көмектесу); патриоттық, отансүйгіштікке тәрбие.

«Арбауға түскен адамдарға» психологиялық тұрғада ең маңыздысы такфирші — «джихадшы» нәтижесінде өз-өзіне қол жұмсаудың жасандылығын дәлелдеп түсіндіру. Көндірудің негізі болып «джихад» түсінігінің қолдағының бәрін беру міндетін керісінше түсіндіріп белсенді өмір сүру, оқу, еңбек ету, туыстық қарым-қатынастарды үзбеу және т. б. діни тұрғыдан жеткізу қажет. «Арбауға түскен адамдардың» ең қиын тұсы өлуге «келіскендігі», «қажеттілігі» өлудің міндеттілігін мойындағаны. Нәтижесінде олар бір мезетте «жартылай тірі» және «жартылай өлі» болады, бір сөзбен айтқанда, «зомби».

Радикалдардың жақтаушысы ретінде дәстүрлі емес діни топтардың, «пионерлері» екені Қазақстанға ислам дінін таратқандарға біздің тарихымызды айту керек. Сондықтан да патриоттық тәрбиелеу кезінде қазақтың ұлттық дәстүрлерін айтып, исламмен тығыз байланысты екенін түсіндіру қажет. Біздің тарихымызда Ислам дінін жоғары мемлекеттік шенеуніктер деңгейіндегі хандардың қолдағандығы туралы көптеген мысал бар, ол Керей мен Жәнібек хандардан басталып, Тәуке ханмен жалғасын тауып және Кенесары ханмен аяқталған.

Ислам діні Керей мен Жәнібек хандардың билік тұсында басталып, Тәуке хан, Кенесары ханның биліктерінің аяқталғанына қарамастан, ары қарай жалғасып жоғары деңгейде ұстанды. Ислам мектебі — Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы және тағы да басқа тұлғалар, көптеген көрнекті қазақ ғұламасы, өз бастапқы білімдерін медресе қабырғасында бастады. Сонымен қатар ислам қазақтың көптеген дәстүрі мен әдет-ғұрпына қайшы келмейді. Көптеген қазақ сөзі араб тілінен енген, осыны сараптай келе, Ислам діні қазақ үшін кең өрісте орын алғанын байқаймыз.

Қоғамдығы діни жағдай тікелей діни насихатқа бағынышты болып келеді, өйткені көбіне «құрбандар» әлеуметтік нормативтік-құқықтық және шарифат білімін міндеттенеді. Сонымен қатар мұсылман заңы, сондай-ақ фикир-қырлары қате әкелініп, экстремистік актілер көріністері негізді деп, орын тапты. Осы жағдайға орай, алдын алу нысандары исламның көзқарасы мен Қазақстанның зайырлы және діни қалыпты өмір сүруінің бүгінгі маңызды тұрғысынан қолайлы екенін көрсетеді.

Тәжірбиеде көрсетілгендей, алдын алу мен нығайту әрекетіне, шамамен 1,5-2 жылдай кетуі мүмкін. Бұл парадокс және таңқаларлық жағдай, адам өз-өзін психологиялық тұрғыдан құрбандыққа шалу және де дайындау үшін 2-3 ай уақыт керек, ал оны сол ойдан кері көндіру үшін бұдан көп уақыт қажет етеді. Душар жағдайды зерттей келе, радикалдар мен экстремистердің арнайы схемалық шаралары болуы нәтижесінде Қазақстан халқының көпшілігіне қарсы екеніне күмән тумады, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, қарулы күштеріне, жалпы мемлекетке қарсы екеніне көз жеткізуге болады. Әсіресе маңыздысы адамдардың патриотизм мен мақтанш сезімін және де адамның психологиялық

көзқарасын қалпына келтіру болып табылады. Осы жұмысты айтарлықтай жалғастыруға бұрын өздері радикалдардың қатарында болған адамдардың белсенді көмек көрсеткен кезде жұмысты жүргізу жеңіл болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы // <http://www.akorda.kz>.
2. Бабаджанов Б.М. Джихад как идеология «изгоев» (ghuraba') // По документам и публикациям Исламского движения Узбекистана» // www.antiterrortoday.com
3. Ильин В.И. Драматургия качественного полевого исследования. — СПб.: Интерсоцис, 2006.

РЕЗЮМЕ

В научной статье рассматриваются криминологические аспекты предупреждения преступлений, связанных с экстремизмом в Республике Казахстан. Автор исследует способы предотвращения деятельности запрещенных религиозных объединений на территории Казахстана, пресечения их действий, координации деятельности таких объединений. Радикалы и экстремисты выступают против большинства населения, а также против сотрудников правоохранительных органов, вооруженных сил и государства в целом. Особенно важно поэтому развивать в обществе патриотизм и гордость людей за свою страну. Особые меры должны быть приняты для предотвращения манипулирования религиозными, психологическими и идеологическими, а также социально-экономическими проблемами потенциальных сторонников радикальных религиозных убеждений.

RESUME

This scientific article discusses the criminological aspects of the prevention of crimes related to extremism in the Republic of Kazakhstan. The scientific article provides for the prevention of prohibited religious associations on the territory of Kazakhstan, the suppression of their actions, the warning of citizens in society and the coordination of the activities of these religions. Radicals and extremists oppose the majority of the population as a result of special schematic measures, as well as against them against law enforcement officers, the armed forces and the state as a whole. It is especially important to restore the patriotism and pride of people, as well as restore the psychological point of view of a person. It is much easier to do this work when it comes to active support from those who were among the radicals. Special precautions must be taken to prevent the difficult manipulation of religious, psychological, psychological and ideological, as well as socio-economic problems of the supporters of radical religious beliefs.

ӘОЖ 343.9

Т.О. Жұманов, заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес бойынша мамандарды даярлау жөніндегі оқу орталығының аға оқытушы-әдіскері, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Адам саудасымен байланысты қылмыстарды тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері

Аннотация. Мақалада адам саудасымен байланысты қылмыстарды тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері қарастырылған. Мұнда тергеу жағдайлары жеке тергеу әрекеттерін нақты ұйымдастыру мен сапалы жоспарлау, жедел-тактикалық комбинациялар, жеке кезеңдердің немесе тергеп-тексерудің барлық процесінің қамтамасыз етілуімен шешілетіні көрсетілген. Көрсетілген қылмыстарды тергеп-тексеруді жоспарлаудың өзіндік ерекшеліктері бар, олар қылмысты жасау әдістері туралы жедел-ізвестіру ақпаратының, қылмыстық топ мүшелерінің, олардың көшбасшыларының, топтағы өзара қарым-қатынас сипаттамасының болуына, топ мүшелерінің арасындағы қарама-қайшылық пен басқа да деректердің болуына, адам саудасы кезіндегі қылмыстық қызмет туралы процесітік (дәлелдемелік) ақпараттың болмауы немесе ішінара болуымен және уақыт тапшы болған жағдайда, әсіресе шартты жедел әзірлемелерді іске асыру кезінде процесітік шешімдер қабылдау қажеттілігіне байланысты. Тергеп-тексеруді жоспарлауда тергеп-тексеру мақсаттары мен міндеттерін, құрылымын, зерттелуін, тергеу нұсқаларының тексерілуін, сонымен қатар мерзімдері мен нақты орындаушыларды шартты бөлу ұсынылады.

Негізгі сөздер: адам саудасы, адамды пайдалану, тергеуші, жедел қызметкер, өзара іс-қимыл, қылмыстарды тергеп-тексеру, қылмыстарды тергеп-тексеру, ақпаратпен алмасу, жоспарлау.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Біз жеке меншікті қорғауға, құқық үстемдігіне және баршаның заң алдында теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған реформалар жүргізудеміз. Бұл жұмысты жалғастыру керек» [1], — деп көрсеткен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Ішкі істер органдарының басты міндеттері қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке адамға, меншікке қарсы қылмыстарға және басқа да жалпы қылмыстарға қарсы күрес болып табылады», — деп көрсетілген.

Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығы, еліміздегі қылмыстың жай-күйі мен криминогендік жағдайдың деңгейі ішкі істер органдары қызметінің тиімділігіне байланысты, сондықтан ішкі істер органдарын жетілдіру процесі қылмыстық көріністер мен құқық бұзушылықтардың алдын алуда олардың жылдам әрі барабар әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс [2].

Сондықтан зерттеу тақырыбын таңдау адам саудасы саласындағы заңсыз кәсіпкерліктің жолын кесу және тергеп-тексеру проблемаларын зерделеу қажеттілігімен байланысты. Адам саудасы — заманауи қоғамның күрделі проблемаларының бірі. Мәжбүрлі еңбек, кәметке толмағандардың еңбегімен қоса, сексуалдық пайдалану, үй құлдығы және қылмыстылықтың өзге де көріністері — бұлардың барлығы осы қауіпті қылмыстың әртүрлі көрінісі. Заманауи

құл саудасының көпжоспарлығын ескере отырып, оның бар болуы жеке адамның, қоғам мен жалпы мемлекеттің мүдделеріне айтарлықтай қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасында адам саудасы және оған ілеспелі қылмыстар үшін Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 116 (ҚР 1997 ж. ҚК 113-б.), 125, 126, 128, 134-б. (ҚР 1997 ж. ҚК 132-1-б.), 135 (ҚР 1997 ж. ҚК 133-б.), 308 (ҚР 1997 ж. ҚК 270-б.), 309 (ҚР 1997 ж. ҚК 271-б.) баптары бойынша жауаптылық көзделген. Біз жүргізген зерттеу 2010–2019 жылдар аралығында олардың динамикасын талдап, адам саудасымен байланысты қылмыстылықтың жалпы жай-күйін көрсете отырып, осы әрекеттің белгілерін саралайтын қылмыстық-құқықтық нормаларды аша отырып, қылмыстық-құқықтық сипаттама беруге мүмкіндік берді: «Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою» (ҚР ҚК 116-бап), «Адамды ұрлау» (ҚР ҚК 125-бап), «Бас бостандығынан заңсыз айыру» (ҚР ҚК 126-бап), «Кәмелетке толмағандар саудасы» (ҚР ҚК 135-бап). Жүргізілген талдау көрсеткендей, 2010-2019 жылдар аралығында жалпы қылмыстылықтың өсу динамикасы жалпы еліміз бойынша 25 %-ға өсті (2008 жылы 127478-ден 2016 жылғы 9 ай ішінде 295039-ға дейін), бұл адам саудасымен байланысты тіркелген қылмыстардың санына әсер етті +30 %, немесе 15-тен 20-ға дейін тиісінше [3].

Адам саудасы фактілерін тергеп-тексерумен байланысты қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайды белгілеу үшін тергеп-тексеру бағыты көбінесе тергеп-тексерудің алғашқы, кейінгі және қорытынды кезеңдерінде туындаған тергеу жағдайларымен анықталады. Қарастырылған тергеу жағдайлары жекелеген тергеу әрекеттері нақты ұйымдастырылу мен сапалы жоспарлануын, жедел-тактикалық комбинацияларды, жекелеген кезеңдер немесе тергеп-тексерудің барлық процесін қамтамасыз етумен шешіледі. Біздің ойымызша, осы мәселелер арнайы әдебиеттерде айтарлықтай деңгейде түсіндірілуіне байланысты қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы кезеңдерін жоспарлау ерекшеліктеріне ғана тоқталайық. Жезөкшелікпен және жеңгетайлықпен айналысу үшін притондарды ұйымдастыру және ұстауды тергеп-тексерудің бастапқы кезеңіне, әдетте, жеңгетайларды қылмыс үстінде ұстау бойынша жедел-тактикалық комбинациялар мен нақты тергеу әрекеттері кіретінін ескеру қажет.

Көрсетілген қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы және кейінгі кезеңдерін жоспарлау өзіндік ерекшеліктерге ие, олар, ең алдымен, мыналарға: қылмысты жасау тәсілдері, қылмыстық топтардың мүшелері, олардың көшбасшылары, топтағы өзара қарым-қатынас сипаты туралы жедел-ізвестіру ақпараттың болуына, топ мүшелерінің арасындағы қайшылықтар мен өзге де деректердің болуына байланысты. Екіншіден, жезөкшелікпен және жеңгетайлықпен айналысу үшін притондарды ұйымдастыру және ұстау туралы процестік (дәлелдемелік) ақпараттың болмауына немесе мейлінше аз болуына, уақыт тапшы болған жағдайда, әсіресе жедел әзірлемелер іске асыру кезінде процестік шешімдер қабылдау қажеттілігіне байланысты.

Тергеп-тексерудің бастапқы, кейінгі және қорытынды кезеңдерін жоспарлауда шартты түрде бес бөлікке бөліп көрсетуге болады: осы кезеңде тергеп-тексеру мақсаттары мен міндеттерін анықтау; тергеу нұсқаларын құру (болжамдар ұсыну); тергеу нұсқаларын зерттеу (тергеу жүргізу); тергеу нұсқаларын тексеру, яғни істің мән-жайлары мен олардың сабақтастығын айқындауға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шара кешенін анықтау; ұсынылған нұсқаларды және нақты орындаушыларды тексеру мерзімдері.

Жоспардың сапасы қарастырылып отырған істерді бұрын тергеп-тексерген тергеушінің тәжірибесіне байланысты болады. Сондықтан осындай топтық қылмыстарды мамандандырылған жедел-тергеу топтары тергеп-тексеруі мақсатқа сай болып табылады.

Тергеп-тексеруді жоспарлау барысында аймақтың (аумақ, қызмет саласы және т. с. с.) салыстырмалы түрде тұрақтылығын, қылмыстарды жасау тәсілдерін ескеру қажет, бұл

Адам саудасымен байланысты қылмыстарды тергеп-тексеруді жоспарлау ...

салыстырмалы түрде тұрақты әрекет ететін көздер мен жедел ақпарат каналдарының желісін құруға мүмкіндік беріп, деректерге жүргізілген талдау мен нақты қылмыс жасаған тұлғаны, өздері мүшелері болып табылатын қылмыстық топтарды анықтау тиімділігін арттырады.

Тергеу әрекеттері мен жедел-іздігіру іс-шарасын жоспарлау кезінде қылмыстық қызметтің қандай да бір түрі басым болуына қарамастан, қылмыстық топтардың көбі (бірінші кезекте, жалпы қылмыстық бағыттағы) айтарлықтай қатаң функциялық және аумақтық шектеулерді ұстанбайды. Бұл топтардың криминалдық кәсіпқойлыққа ие болуын баяулатып, олардың қызметінде көптеген «қателікке» әкеп соғады, яғни олардың жасырындылығы жойыла бастайды.

Жоспарда тергеп-тексерудің тергеу үшін қолайлы эпизодта және жағдайда басталуы орынды екенін ескеру қажет. Топтық қылмыстарды тергеп-тексеруді жоспарлау аралық міндеттерді шешуге, әрі қарай басты мақсат — қылмыстық топты жоюға қол жеткізуге бағытталған тергеу әрекеттері мен жедел-іздігіру іс-шарасынан тұратын тактикалық операциялар кешенінен тұруы тиіс.

Қылмыстарды жасауға қатысы бар адамдармен қоса мекенжайын қалдырмай, бір жерге кетіп қалатын куәлар мен куәгерлердің де тергеуден және соттан бас тартуының алдын алу бойынша шаралар қабылдау қажет, өйткені мұндай жағдай тергеу жүргізу процесін қиындатады. Бұл жағдайда жасырын түрде алынған нақты мәліметтерге негізделген алдын ала ескерту ғана келеңсіз салдарға жол бермейді. Қамаудағы айыптаушыларға қатысты қамаудан қашуының алдын алу қажет.

Сондай-ақ жоспарда қылмыскерлер өздерінің әрекеттерімен тергеуге «жалған бағыт беру», яғни тергеушінің назарын топтың қылмыстық қызметін тереңірек зерттеуден басқаға аудартуға бағыттау мүмкіндігін ескеру қажет, мысалы, өз кінәсін мойындау, болмашы қылмыстарды тергеп-тексеруге және топтың екінші кезектегі мүшелерін ұстап беруге көмек көрсету. Бұл топтың барлық қылмыстық қызметін анықтау, қосымша дәлелдемелер немесе ұйымдастырушы және оның айналасындағы адамдар туралы ақпарат іздеу бойынша тергеудің белсенділігін төмендету мақсатында жасалады.

Тергеушілер мен жедел қызметкерлерді қылмыстық топтың мүшелеріне пайдалы әрекеттерге көндіру мақсатында оларға ықпал ету мүмкіндігін ескеру қажет. Бұл тікелей қорқыту немесе параға сатып алу, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлерін қылмыстық қызметке дыбыс жазатын және бейне аппаратураны қолдана отырып, атына кір келтіру және бопсалау арқылы тарту болуы мүмкін.

Жоспарда барынша криминалистикалық және арнайы техниканы қолдану қажет, бұл аса мықты дәлелдеме негізін құрай алады. Жедел қадағалау кезінде арнайы техниканың қолданылуы үлкен тактикалық-психологиялық мәнге ие болады: жасырын камералар, дыбыс жазу құрылғылары, басқа да қадағалау және тіркеу құрылғылары.

Топтық қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде баяндалған ережелерді міндетті түрде басшылыққа алу керек, өйткені қылмыстық-процестік заңда көзделген тергеу әрекеттері мен іс-шараны ғана жүргізу арқылы жеткілікті ақпарат жинау мүмкін емес. Дәлелдеме бола алатын нақты деректер объективті түрде бар. Тергеу әрекеттерінен тыс шығу, нақты деректерді жинақтау үшін икемді тәсілдер мен әдістер қолдану қажеттілігі туындайды [4, 33].

Жоспарда жедел қызметкерлер пиғылдарының мағынасын ашпастан тергеушіні жедел ақпараттандыруды қамтамасыз ететін жедел іс-шараға назар аудару қажет. Жедел-іздігіруді қамтамасыз ету — бұл қылмыстық істі жан-жақты, толық және объективті тергеп-тексеру мақсатында қылмыстардың мән-жайы, оларды жасаған адамдар және басқа да мәліметтер туралы нақты деректер алуға бағытталған ішкі істер аппараты жүзеге асыратын ұйымдастырушылық-тактикалық шаралар кешені [5, 24].

Жедел-іздігіру шаралары қамтамасыз ету рөлін атқара отырып, алдын ала тергеу мүдделеріне толығымен бағынуы тиіс екендігі күмән тудырмайды. Басым жағдайларда жедел-іздігіруді қамтамасыз ету процесінде жедел аппараттар тергеуге қылмыс фактісі анықталған және қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап қосылады. Сонымен қатар алдын ала жедел тексеріс және қылмыстық топтарды және олардың қызметін жедел өңдеу жағдайлары да аз емес, бұл кезде кейін тергеуші дәлелдеме ретінде пайдаланатын нақты деректерді жинау бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Осылайша, жедел қызметкерлердің алдында осы кезеңде нақты деректерді алу ғана емес, оларды алдын ала және со тергеуінде де пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету міндеті қойылған.

Бұл тергеушіні жұмысқа жедел материалдарды іске асыру кезеңінде-ақ қылмыстың уақытылы және толық ашылуы мен тергеп-тексерілуіне жауапты адам ретінде қосу қажеттілігін талап етеді. Бұл ретте, жоғарыда атап өткендей, тергеуші жедел материалдармен танысуы және оның негізінде іске асыру жоспарынан басқа тергеу әрекеттері мен жедел-іздігіру іс-шараларының келісілген жоспарын құруы қажет, ол қылмыстық іс қозғалған кезеңде тергеуші мен жедел қызметкерлердің өзара іс-қимылының ұйымдастырушылық негізі болуы тиіс [6, 36]. Аталған процесте тергеу бөлімінің (бөліністің) бастығы басты функцияларды орындайды. Оның өзара іс-қимыл нысандары мен мазмұны туралы нұсқаулары, прокурордың нұсқаулары секілді тергеуші үшін міндетті. Аталған нұсқаулар бәрінен басқа жедел-тергеу тобын ұйымдастыруға, оның құрамына қатысты болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Жолдауы // Казахстанская правда. 2017. 31 қаңтар № 20 (28399).
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы (2014 жылғы 16 қаңтардағы № 731 өзгертулер мен толықтырулар). Қол жетімділік режимі: <http://online.zakon.kz/>
3. Отчет о зарегистрированных преступлениях и результатах деятельности органов уголовного преследования [Электронный ресурс] Қол жетімділік режимі: <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/MainMenu>
4. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Жолдауы // Казахстанская правда, 2017 жылғы 31 қаңтар № 20 (28399).
5. Мазунин Я. М. Тактика выявления и доказывания вины участников преступных групп: Учеб. пос. — Омск: Юридический институт МВД России, 1998. — 106 с.
6. Вечерин Э.П., Губанов В.В., Хомколов В.В. Оперативно-розыскное обеспечение предварительного следствия // Сборник МВД СССР. — 1991. — № 3. — С. 66–69.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности планирования расследования преступлений, связанных с торговлей людьми. Планирование расследования указанных преступлений имеет характерные особенности, обусловленные, прежде всего: наличием оперативно-розыскной информации о способах совершения преступления, членах преступной группы, её лидерах, характере взаимоотношений в группе, наличии противоречий между членами группы и других данных и отсутствием или незначительным количеством процессуальной (доказательственной) информации о преступной деятельности при торговле людьми и необходимостью принятия процессуальных решений в условиях дефицита времени, особенно при реализации оперативных разработок. В содержании планирования расследования предлагается условно

Процессуальный порядок расследования уголовных дел в отношении лиц ...

выделить цели и задачи расследования, построение, исследование, проверку следственных версий, а также сроки и конкретных исполнителей.

RESUME

In the article considered peculiarities of planning of investigation of crimes related to human trafficking. It indicates that the resolution of the investigative situations provides a clear organization and quality planning of individual investigative actions, operational-tactical combinations, or separate phases of the investigation process. The planning of the investigation of these crimes has its own characteristics, primarily due to: the presence of operative investigative information about methods of committing crimer, members of the criminal group, its group relationships, the contradictions between the group members and other data and the absence or minor amount of procedural (evidentiary) information about criminal activity in trafficking in persons and the need for the adoption of procedural decisions in conditions of shortage of time, especially in the implementation of operational research. The content of the planning investigation is proposed to conditionally highlight the objectives and tasks of the investigation, construction, research, verification of investigative leads, as well as terms and specific artists.

УДК 343.131

Кадацкий С.Н., доцент кафедры уголовного процесса, кандидат юридических наук, подполковник полиции

(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

Процессуальный порядок расследования уголовных дел в отношении лиц, заболевших психическим расстройством после совершения преступления

Аннотация. В уголовном судопроизводстве РК задачи одного из основных институтов специального производства — в отношении невменяемых — представляют специальную актуальность при решении задач о привлечении либо освобождении лиц, страдающих душевными расстройствами и совершивших общественно опасные деяния, от уголовной ответственности и использовании к ним принудительных мер медицинского характера. Судопроизводство по применению принудительных мер медицинского характера в отношении невменяемых и лиц, у которых психическое расстройство наступило после совершения преступления, производится по общим правилам УПК РК с соблюдением особых требований и процедур, отражающих специфику предварительного следствия, подготовительных действий к судебному заседанию, судебного разбирательства, обжалования и опротестования судебных решений, принимаемых по данной категории уголовных дел. Кроме того, для успешного расследования дел данной категории необходимо умение найти подход к лицу, страдающему психическим расстройством, наладить с ним психологический контакт.

Ключевые слова: уголовно-процессуальное законодательство, предварительное следствие, применение принудительных мер медицинского характера, психическое заболевание, сторона обвинения, сторона защиты, законность, охрана прав.

Уголовно-процессуальное законодательство регламентирует порядок досудебного расследования преступлений, определяет общие условия производства предварительного следствия, без соблюдения которых не могут быть успешно выполнены задачи уголовного процесса, указанные в ст. 8 УПК РК.

Соблюдение общих условий производства по уголовным делам создает предпосылки для полноты, всесторонности и объективности предварительного следствия, способствует реализации прав и законных интересов участников уголовного процесса.

Общие условия предварительного следствия, по мнению В.И. Никандрова [1, 3], — это совокупность закрепленных в нормах права требований, которыми в целях успешного осуществления роли данной стадии в реализации задач уголовного судопроизводства устанавливаются характерные для нее в целом особенности и гарантии реализации принципов и общих положений уголовного процесса.

На законодательном уровне общие условия — это система обязательных для исполнения процессуальных норм, которые устанавливают задачи судопроизводства, принципы и общие положения уголовного процесса, общие условия его самостоятельных стадий, подследственность, особенности производства по некоторым категориям уголовных дел, а также правовое положение субъектов уголовно-процессуальных отношений, правила проведения следственных действий и другие условия, обеспечивающие законность, демократизм и эффективность предварительного расследования [2, 10–11; 3, 69].

Применительно к невменяемым в законе говорится не о преступлении, а об общественно опасном деянии, предусмотренном уголовным законом. Общественно опасные деяния невменяемых по своему внешнему проявлению, характеру и степени общественной опасности совпадают с объективной стороной того или иного состава преступления, они наносят, по существу, такой же вред личности, обществу и государству, как и преступления. Эти деяния могут выражаться в совершенном с особой жестокостью убийстве, хулиганстве, поджоге, повлекшем тяжкие последствия, и других опасных действиях, а совершившие их лица по своему болезненному состоянию довольно часто представляют опасность для общества.

Судопроизводство по применению принудительных мер медицинского характера в отношении невменяемых и лиц, у которых психическое расстройство наступило после совершения преступления, производится по общим правилам УПК РК с соблюдением особых требований и процедур, отражающих специфику предварительного следствия, подготовительных действий к судебному заседанию, судебного разбирательства, обжалования и опротестования судебных решений, принимаемых по данной категории уголовных дел (ст. ст. 509-524 УПК РК).

При общем увеличении фактов совершения общественно опасных деяний лицами, страдающими психическими расстройствами, и числа совершаемых ими общественно опасных деяний, а также увеличения количества ошибок и недостатков при производстве по делам данной категории возникает объективная потребность совершенствования уголовно-процессуального законодательства. Представляется, что необходима подробная регламентация как порядка производства предварительного следствия по делам данной категории, так и процессуального положения лиц, участвующих в судопроизводстве, имея в виду, что по таким делам неприемлемо их деление на сторону обвинения и сторону защиты, поскольку невменяемому подозрение не предъявляется, а при отсутствии подозрения и обвинения нет и обвинителя и защитника. Роль и функции участвующих в деле прокурора и защитника по делам о деяниях невменяемых, существенно отличаются от их же полномочий по другим делам. Необходимо также уточнить процессуальные формы совершения процессуальных действий при расследовании дел и их рассмотрении в судах.

Поскольку судопроизводство по делам о невменяемых и лицах, заболевших психическим расстройством после совершения преступления, имеет свои особенности и представляет значительную сложность, то здесь оказывается недостаточным быстро раскрыть и расследовать общественно опасное деяние, выявить лиц, его совершивших. Для успешного расследования дел данной категории необходимо умение найти подход к лицу, страдающему психическим

расстройством, наладить с ним психологический контакт. Процессуальная деятельность по таким делам должна осуществляться в рамках специальных правил и процедур на педагогической и психологической основе, на тщательном и продуманном подходе к выполнению каждого процессуального действия.

Трудности производства по делам этой категории состоят еще и в необходимости выяснения значительного объема данных о личности (наличие психических недостатков, индивидуальных умственных и эмоционально-волевых особенностей, привычек и тому подобных черт), решение вопроса о вменяемости-невменяемости субъекта, поведении его до, после и в момент совершения общественно опасного деяния, способности самостоятельно осуществлять свое право на защиту, участвовать в производстве следственных действий и другое.

Поскольку речь идет о лицах с расстроенной психикой, с ограниченными способностями и возможностями осуществлять свои права, все производство предварительного следствия по уголовному делу должно быть проникнуто сочувствием и милосердием, в полной мере гарантировать охрану прав и законных интересов таких лиц [4, 41–42].

Очевидно, что роль нормативных предписаний об особенностях судопроизводства по делам о невменяемых и лицах, заболевших психическим расстройством после совершения преступления, исключительно велика. Они определяют не только специфику процессуальной деятельности по этой категории уголовных дел, но и выполняют организующие функции в следственной и судебной практике.

Суть особенностей судопроизводства по делам психически неполноценных лиц состоит в оптимальном регулировании условий и порядка расследования совершенных ими общественно опасных деяний, которые, с одной стороны, исключали бы всякие проявления субъективизма и произвола, а с другой — обеспечивали бы быстрое, полное, всестороннее и объективное исследование всех обстоятельств уголовного дела, усиливали бы гуманитарные и демократические начала уголовного судопроизводства, гарантировали бы охрану прав и законных интересов таких лиц [5, 1–12].

Особенности производства по данной категории уголовных дел, определяются не только действием специальных уголовно-процессуальных норм, но и органов, уполномоченных вести расследование общественно опасного деяния, совершенных лицами, которые в силу своего психического заболевания не могут самостоятельно осуществлять свое право на защиту [6].

Уголовно-процессуальное законодательство установило, что основной наиболее оптимальной, полной формой расследования общественно опасных деяний невменяемых и лиц, заболевших психическим расстройством после совершения преступления, является предварительное следствие, а не дознание. Законодатель признал, что только эта форма производства по уголовному делу создает необходимые условия для всестороннего, полного и объективного исследования всех обстоятельств совершения общественно опасного деяния, в том числе для обеспечения охраны личных и имущественных прав. Причем особенности лица, совершившего общественно опасное деяние, предопределяет основные черты этой стадии уголовного процесса.

Производство предварительного следствия обязательно по всем без исключения делам о невменяемых и лицах, заболевших психическим расстройством после совершения преступления. Поэтому в изначально определенную подследственность могут быть внесены определенные коррективы. Все зависит от того, кем начато досудебное расследование, и кто осуществляет по нему производство.

Таким образом, расследование дел об общественно опасных деяниях невменяемых и лиц, заболевших психическими расстройствами после совершения преступления, осуществляется в соответствии с общими и специфическими, обязательными для следователя требо-

ваниями, предъявляемыми уголовно-процессуальным законодательством, но никак органом дознания (дознавателем). Считаем, что на законодательном уровне внести дополнение в уголовно-процессуальный кодекс в ч. 5 ст. 189 УПК РК: «начальник органа дознания вправе назначить производство предварительного следствиясрок невозможно обеспечить достаточность и полноту исследования обстоятельств дела, в отношении лиц, заболевших психическим расстройством до или после совершения преступления проводится предварительное следствие» в связи с особенностью расследования уголовного дела в отношении данной категории лиц поручить более опытному следователю, исключив дознавателя.

Только с учетом всех особенностей предварительного следствия, указанных в главе 54 УПК РК, предварительное следствие будет проведено полно, объективно и всесторонне, будут обеспечены соблюдение законности, охрана прав и законных интересов лиц, страдающих психическим расстройством.

Список использованной литературы:

1. Никандров В.И. Общие условия производства предварительного следствия в советском уголовном процессе: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1973. — 26 с.
2. Алексеева Л.Б. Теоретические вопросы системы уголовно-процессуального права: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М., 1975. — 50 с.
3. Якубович Н.А. Теоретические основы предварительного следствия. — М., 1971. — 142 с.
4. Щерба С.П. Расследование и судебное разбирательство по делам лиц, страдающих физическими или психическими недостатками. — М., 1975. — 144 с.
5. Щерба С.П. Теоретические основы и особенности уголовного судопроизводства по делам лиц, страдающих физическими или психическими недостатками: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М., 1990. — 50 с.
6. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 6 декабря 2002 года № 26 «О практике применения уголовно-процессуального законодательства, регулирующего право на защиту» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.03.2017 г.)/http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1035463

ТҮЙІН

ҚР Қылмыстық сот ісін жүргізуде арнайы өндірістің негізгі институттарының бірі — есі кіресілі — шығасылы адамдарға қатысты міндеттер психикалық ауытқулардан зардап шегетін және әлеуметтік қауіпті әрекеттер жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершіліктен тарту немесе босату және оларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мәселелерін шешуде ерекше өзекті болып табылады. Алдын ала тергеу, сот отырысына дайындық іс-әрекеттері, қылмыстық істердің осы санаты бойынша қабылданатын сот шешімдеріне шағымдану және наразылық білдіру ерекшеліктерін көрсететін ерекше талаптар мен рәсімдерді сақтай отырып, ҚР ҚДЖК жалпы ережелері бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, осы санаттағы істерді сәтті тергеу үшін психикалық ауытқуды тудыратын адамға жақындау, онымен психологиялық байланыс орнату мүмкіндігі қажет.

RESUME

In the criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan, the tasks of one of the main institutions of special proceedings — in relation to the insane-are of special relevance in solving the problems of attracting or releasing persons suffering from mental disorders and committing socially dangerous acts from criminal liability and using compulsory medical measures to them. Sedopro of production on application of compulsory measures of medical nature in respect of not-sane and individuals whose mental disorder occurred after committing the crime, produced by the General

Процессуальный порядок расследования уголовных дел в отношении лиц ...

rules of the criminal procedure code in compliance with special requirements and procedures specific to preliminary investigation, preparatory actions for court hearing, trials, appeals and protests against the commencement of decisions in this category of criminal cases. In addition, the successful investigation of cases in this category requires the ability to find an approach to the person suffering from a mental disorder, to establish psychological contact with him.

КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ И СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

ӘОЖ 342.1

М.С. Болғанбаев, сотқа дейінгі тергеу кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ІІО анықтау пәні бойынша тәжірибелік сабақтарын өткізудің кейбір мәселелері

Аннотация. Мақалада курсанттарға «Ішкі істер органдарындағы анықтау» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарын өткізудің кейбір мәселелері қарастырылған. Тәжірибелік сабаққа түсінік беріліп, ІІМ-нің ведомствалық оқу орындарындағы ІІО-дағы анықтау пәні бойынша тәжірибелік сабақтардың аудиторияларда өтуінің кемшін тұстары және оның беріп жатқан нәтижесі және оларды дұрыс шешу жолдары көрсетілген. Сонымен қатар территориялық ІІО-да практикалық сабақтарды жүргізу «оқытушы-компьютер-курсант» ұғымдарын енгізу бастамалары қарастырылып оның курсанттарға беретін нәтижелері көрсетіліп, ІІО-дағы анықтау пәні бойынша тергеу әрекеттерінің процесстік құжаттарын толтыруды, куә, жәбірленуші, күдікті жалпы қоғамдық ортамен психологиялық байланыс орнату жолдары кеңінен қарастырылған. Курсанттар алынған дағдыларды одан әрі практикалық қызметте барабар қолдану үшін процессуалдық құжаттарды электронды форматта қалай құрастыруды дұрыс үйренуі керек.

Негізгі сөздер: ішкі істер органдарындағы анықтау, тәжірибе, курсант, сабақ, хаттама, нәтиже, білім, үйрену, тергеуші, анықтаушы, маман, жүйе, оқытушы, құжат, білім, құқықтық норма және т. б.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «... Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды. Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет ...» [1], — деп атап өтті.

Сондықтан да ішкі істер органдарындағы кадр мәселесін оның ішінде тергеу бөліністерін заманауи тергеуші, анықтаушылармен қамтамасыз ету, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өзінің біліктілігін, қиын жағдайда дұрыс әрі әділ шешім қабылдай алатын мамандарды даярлау мәселесі ҚР ІІМ полиция академияларының алдында тұрған басты міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінің 42-1 бабында:

1. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қағаздағы және электрондық форматта жүргізіледі.

IIО анықтау пәні бойынша тәжірибелік сабақтарын өткізудің кейбір мәселелері

2. Қылмыстық процесті жүргізуші адам қылмыстық сот ісін өз қалауы бойынша электрондық форматта жүргізе алады, ол туралы уәжді қаулы шығарылады. Қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді, ол туралы уәжді қаулы шығарады [2], — деп атап көрсетілген.

Осы ретте электронды қылмыстық іс жүргізу дағдыларын қалыптастырып, заманауи талаптарға сәйкес тергеуші дайындау үшін ІІМ жүйесіндегі жоғары оқу орындарының курсанттарын оқыту жүйесін түбегейлі өзгерту қажет деп ойлаймыз. Оның ішінде тәжірибелік сабақтарға көп мән беріп, курсанттардың теорияда алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге баулып, электронды қылмыстық іс жүргізу дағдыларын қалыптастырып тез әрі нақты, әділ, дұрыс шешім қабылдауға бейімдеу қажет. Себебі электронды қылмыстық іс материалдары арнайы базаға сақталғаннан кейін өз еркімен түзету енгізілмейді.

Тәжірибелік сабақ — бұл курсанттардың дәріс, семинар сабағынан алған білімдерін бекіту, пысықтау, жинақтау мақсатында өткізілетін сабақтың бір түрі [3].

Тәжірибелік сабақ — оқу үрдісіндегі қажетті элементтердің бірі. Ол екі-үш дәрістен кейін өткізіледі және дәрісте басталған оқу жұмыстарын жалғастырады. Тәжірибелік сабақтарда курсанттар нақты жағдайларда құқықтық нормаларды қолдану дағдыларын, нормативтік құжаттарға түсінік беру, заңсыз құқықтық көп актінің арасынан қажетті нормаларды табу, сонымен қатар өзін жеке қырынан көрсету, өзіндік ойлау және өзінің ұстанымын ұстай білу қабілеттілігін игереді. Тәжірибелік сабақтар курсанттардың сөйлеу мәдениетін және олардың кәсіби тұрғыда дамытуға мүмкіндік береді. Дәріс пен тәжірибелік сабақ арасында нормативтік құжаттар, дәріс конспектілері және арнайы әдебиеттерді оқу бойынша тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары жоспарланады. Тәжірибелік сабақтарда курсанттарға оқу мақсатын дұрыс жеткізу, жоғары нәтижеге қол жеткізу оқытушыға және оны оқытудың оңтайлы тәсілін дұрыс таңдауға байланысты болып келеді [4, 70.].

ІІМ жүйесіндегі оқу орындарында ІІО анықтау пәні бойынша тәжірибелік сабақтар курсанттардың, яғни болашақ полиция қызметкерлерінің оның ішінде тергеуші және анықтаушы мамандық иелерінің тергеу бөліністерінде жұмыс істеуіне бейімдеп, ҚР-ның Қылмыстық және қылмыстық процестік кодексіне және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес сотқа дейінгі тергеп тексеру іс жүргізу құжаттарын толтырумен қатар, оларды сапалы әрі дұрыс жүргізуге бейімдейді. Өртүрлі қылмыс санаты бойынша куәдан, жәбірленушіден және күдіктіден жауап алу, олармен психологиялық байланыс орнату, анықталуға жататын мән-жайды, яғни дұрыс ретімен қойылуы керек сұрақтарды, жалпы қылмыстың ашылып жан-жақты, объективті және толық тергелу ретін үйренеді. Мысалы, процестік қаулылар толтыру, жауап алу хаттамасы, оқиға болған жерді қарау хаттамасы, оқиға болған жердің сызбасы, оқиға болған жерден табылған айғақ заттарды алу, буып-түю және тиісінше сараптама тағайындау жалпы барлық тергеу әрекетін дұрыс жүргізу және тергеу әрекеттерін рәсімдеу үйретіледі. Берілген фабула бойынша қылмыстық іс макетін жасап шығарады. Ведомствалық оқу орындары режимді объекті болғандықтан, курсанттар күнделікті іс-әрекетті қайталап қоғамдық ортамен қарым-қатынасы төмендейтінін көріп жүрміз. Барлық сабақ бойынша сабақтардың өткізілу әдістері мен тәсілдері ұқсас. Сонымен қоса интернет желілеріне қол жетімсіздігі, курсанттардың сана сезімін алға қарай дамытпай, керісінше, бір орында қалуына септігін тигізеді. Соның әсерінен оқуға, білім алуға деген талабы азайып, көп нәрсе теория жүзінде қалып қойып, курсанттардың өзіндік жұмысы, жеке ізденушілігі, жалпы айтқанда, қызығушылығы төмендеп, іске асыру қабілеттілігі қиындайды. Сабақ беріп отырған бір топта шамамен алғанда 30 курсанттан оқиды және 50 минут сабақ ішінде сотқа дейінгі алдын ала тергеу барысында жүргізілген тергеу әрекеттерінің құжаттарын толтырып үлгеру мүмкіндігі төмендеп барлық курсанттың ішінде небәрі 10-12 курсант үлгеріп

жатқанын сабақ жүргізу барысында көруге болады. Ал қалған курсанттар жоғарыда аталған тергеу әрекеттерінің хаттамаларын кәсіби қабілеттің төмендігіне байланысты толтырылып үлгерілмей, сабақ мақсатына жетпей қалып жатады. Келесі сабақтарға қалдырылатын болса, ол сабақтарда басқа тергеу әрекеттерінің хаттамасын толтыру қажеттігі туындайды. Барлық курсант қазармалық режимде жатқандықтан, оларға жүктелетін басқа да спорттық және шаруашылық жұмыстардың нәтижесінен аталған құжаттарды әрқайсысы өз бетінше ой елегінен өткізіп ойланып, шығармашылық тұрғыда жазуға мүмкіндіктері және уақыттары да жоқ. Сондықтан олар еріксіз алдыңғы қатарлы, яғни сабақ барысында жазып үлгерген курсанттардың хаттамаларын көшіріп жазып, мазмұны еш өзгеріссіз құжат үлгілерін әкеліп көрсетіп жатады. Ал оларда аталған құжат үлгілерінде не жазылғандығы және қандай баптарға сүйене отырып жазылғандығы туралы курсант жауап беруге қиналады. Қылмыстық және қылмыстық процестік кодекстің нормаларын жетік меңгере алмай жатыр. Осыдан кейін ведомствалық оқу орындарын бітірген курсанттардың тергеу бөліністерінде қиындықтар туындап оқу үрдісінде алған теориялық білімдерін іс жүзінде көрсете алмай, яғни оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында қателіктерге жол беріліп, қылмыстық істі толық, объективті және жан-жақты тергей алмай жүрген қызметкерлер баршылық. ПО анықтау пәні болашақ мамандарға қылмыстық іс жүргізу барысындағы процестік іс-құжат үлгілерін толтыру, яғни тергеушінің нақты қызметін қалай жүзеге асыратынын үйретсе де тәжірибелік сабақтарды жүргізу әдісі өзге пәндерден ерекшеленбейді. Осы ретте оқу үрдісінде жүргізілген тәжірибелік сабақтардың нәтижесі көрінбей жатқандығы көрініп, аталған сабақтарға нақты бір өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қою қажеттілігі туындайды.

ҚР ПМ жүйесіндегі оқу орындарының курсанттарының дәріс және семинар сабақтарында алған білімдерін практикада жетілдіру мәселелері көптен қаралып келе жатқан сұрақтардың бірі әрі маңыздысы болып табылады. ҚР ПМ барлық оқу орынының курсанттарына ПО анықтау пәнінің тәжірибелік сабақтары территориялық ПО да өткізілсе. ПМ-нің басшылығы тарапынан ПО-ның барлық мекемесінен тәжірибелік сабақтар өткізетін арнайы компьютерлік жабдықтармен арнайы электронды қылмыстық іс базалармен қамтамасыз етілген кабинет бөлініп, шынайы жағдай жасалынса, тәжірибелік сабақтар барысында курсанттар теориядан алған білімдерін нақтылай түсер еді. Берілген тақырып бойынша курсанттар тергеу бөліністеріндегі тергеушілердің жүргізген барлық тергеу әрекетіне қатысып, қажет болса, сол тергеу әрекеттерін өзі жүргізсе, оқиға болған жерге жедел тергеу тобымен бірге шығып, оқиға болған жерді қарау хаттамасын тергеушімен салыстыра отырып өзі қоса жасаса, курсанттар теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалануды үйренер еді. Куә, жәбірленуші күдіктілерден жауап алу тергеу әрекетіне қатысып әр қылмыс санаттары бойынша анықталуға жататын мән-жайды анықтап, қылмыстық іс қатысушыларымен психологиялық байланыс орнатып үйренсе, курсанттарды тек тергеуші және анықтаушы ретінде ғана емес жалпы тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізері анық. Сонымен қатар бұр ретте тәжірибелік қызметті оның ішінде тергеу бөліністерінің қызметін көрген курсанттардың өз деңгейін, білім дәрежесін бағалап өздері білмейтін заң нормаларын ізденіп оқуға немесе мамандық таңдау мәселесінде тағы бір ойланып, ой қорытары сөзсіз. Осы ретте курсанттардың білім аясы, тәжірибелік шеберлігі ведомствалық оқу орынында, яғни режимді объектіде ғана қалып қоймай, сыртқы ортамен байланыс нәтижесінде қоғамға бейімделіп, алдыңғы курстарда алған теориялық білім тәжірибемен байланысып курсанттардың қызығушылығы артары сөзсіз. Оқытушы ретінде заманауи талаптарға сәйкес тағы бір ұсыныс — ол «оқытушы-компьютер-курсант» ұғымында сабақ өткізу. Яғни курсанттарды электронды қылмыстық іс жүргізуге баулу мақсатында қылмыстық іс құжаттарын компьютермен электронды толтыртқызып сол электронды құжаттарды оқытушы өзінің қызметтік компьютерінен көріп тексеріп отырса, бұл

IIО анықтау пәні бойынша тәжірибелік сабақтарын өткізудің кейбір мәселелері

курсанттардың тергеуші ретіндегі білім дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, пернетақта басу шеберлігін де дамытар еді. Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесіндегі оқу орындарын бітіріп шыққан курсанттар тергеуші, анықтаушы немесе басқа да лауазымдарға тағайындалғанда кәсіби қабілеттілігі жоғары дайын маман ретінде іске кірісіп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында көрсетілген «... Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет ...», — деген тапсырмасын орындауда жүзеге асырылатын жұмыстардың бірі болар еді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». 2018 жылғы 10 қазан. Егемен Қазақстан газеті. 10 қаңтар 2018.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексі 4 шілде 2014 жыл. (Өзгертулер мен толықтырулар 01.04.2019 жыл).
3. Электронный ресурс: <http://www.rusnauka.com>
4. Әдіснама (оқытушы шеберлігі) М.А. Кызылов. — Қарағанды, 2012.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены актуальные проблемные вопросы проведения практических занятий по дисциплине «Дознание в органах внутренних дел», исследовано понятие практических занятий, показаны основные недостатки проведения практических занятий по этой дисциплине в аудитории, в качестве решения проблемы предлагается организовать их в территориальных отделах полиции для составления процессуальных документов по следственным действиям, которые проводят курсанты. Также в данной статье рассматривается связь «преподаватель — компьютер — курсант». Курсанты должны правильно научиться составлять процессуальные документы в электронном формате, чтобы адекватно применять полученные навыки в дальнейшей практической деятельности.

RESUME

The article considers problematic issues of practical classes on discipline "Inquiry in bodies of internal Affairs" investigates the concept of practical training, the limitations of the practical classes in this discipline in the audience, as the solution to the problem is to organize them in the territorial police departments for the compilation of procedural documents carried out by the cadets of the investigative action. Also this article discusses the relationship of "teacher — computer — student". Cadets must correctly learn how to draw up procedural documents in electronic format in order to adequately apply the acquired skills in further practical activities.

ӘОЖ 349.98

А.О. Шакенов, қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор
(*Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*)

Ведомстволық білім беруді жаңғырту аясында криминалистикалық дайындықты жетілдіру мәселелері

Аннотация. Мақалада ведомстволық білім беруді модернизациялау аясында сот-медициналық дайындықты жетілдіру мәселелері қарастырылады. Автор қылмысқа қарсы күресті күшейту, заңдылықты нығайту және әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын іске асыру мәселелерін шешу үшін ПМ-нің барлық бөлімшелері мен қызметтерінің жұмысын түбегейлі қайта құру қажет екенін атап өтті. Бұл шараны іске асыру қазіргі заманғы кәсіби білімі бар білікті кадрларсыз мүмкін емес, яғни ПМ оқу орындарында білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру талап етіледі. Сот-медициналық білім мен дағдылар полиция қызметкерлері үшін үлкен маңызға ие болғандықтан, автор Практикалық оқыту мәселелерін ұтымды шешуді қамтамасыз ету үшін сот-медициналық курсты құру алгоритмін ұсынады.

Негізгі сөздер: ведомстволық білім, реформа, қылмысқа қарсы күрес, кадрларды даярлау, ғылыми-техникалық прогресс, криминалистика, білім алу, интеллектуалдық қабілеттер, модернизация.

Құқықтық мемлекет құру барлық құқық қорғау органдарын реформалау қажеттілігімен негізделген. Еліміздің құқық қорғау органдарының алдында, оның ішінде ПМ-нің алдында қылмысқа қарсы күресті күшейту, заңдылықты нығайту және әлеуметтік әділдік принциптерін іске асыру міндеттері қойылған. Бұл міндеттерді шешу ПМ барлық бөлімшелері мен қызметтерінің жұмысын түбегейлі қайта құруды көздейді, ал ол шараны іске асыру заманауи кәсіби білімдерді меңгерген, білікті кадрларсыз мүмкін емес. Ішкі істер органдарын жаңа форматтағы кадрлармен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы ПМ жоғары оқу орындарының өзі қайта жаңғырып, жаңа талаптарға сай білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру керек. Осылайша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019–2021 жылдарға арналған жол картасы» қабылданды [1]. Кадрларды іріктеу және даярлау, ведомстволық білім беруді жаңғырту атты тарауында біліктілікті арттырумен қатар, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру функцияларын елу жылдық тарихы бар Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы сынды білім ордасы өзінде сақтап қалды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикалық және әлеуметтік өсудің басты жеделдету құралдарының біріне ғылыми-техникалық прогресті жатқызуға болады. Қылмыстардың алдын алу, оларды ашу және тергеу бойынша заманауи ғылым мен техника жетістіктерін ішкі істер органдарының практикалық қызметіне енгізудің негізгі бағыттарының бірі криминалистикалық білімдер болып табылады. «Криминалистика» ерекше жүйеленген курсы ведомстволық оқу орындарының барлығында оқытылады.

Әлеуметтік мақсатпен шартталған бірқатар көрсеткіштер бойынша криминалистика курсы криминалистика ғылымының мазмұнынан біршама ерекшеленеді, алайда пәнді қамту деңгейіне қарай мейлінше оған жақындай түседі. Бұл ерекшеліктерді түсіндіретін болсақ, біріншіден, криминалистика оқу пәні ретінде криминалистикалық ғылымнан туындаған дайын мазмұнды криминалистикалық білім. Екіншіден, криминалистика курсына бірінші орында проблемалар емес, керісінше оларды шешу жолдары мен тәсілдері тұрады, яғни

дұрыс, шыңайы білім. Үшіншіден, оқыту мақсатындағы криминалистика курсына ғылымның нысанына енбеген ғылым тарихы жайлы материал, технологиялық ұсынымдар, көрнекі суреттер мен мысалдар орын алған. Төртіншіден, оқу пәнін бір жүйеге келтіру қағидатының ғылым жүйесінен айырмашылығы оның ғылыми зерттеулерді емес, оқыту міндеттерін шешуді есепке ала отырып құрастырылуында.

Криминалистикада қылмыстарды тергеп-тексеру және алдын алу бойынша практикалық қызметте білім алушылардың тұрақты білім жүйесін және криминалистиканың әдіс-құралдарын, ғылыми ұсынымдарын қолдану шеберлігін қалыптастыру оқыту мақсатында болады. Бұл негіз қалаушы мақсатқа қол жеткізу оқыту барысында бірқатар жекелеген насихаттық, әдістемелік және тәрбиелік міндеттерді шешу жолымен қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың бойында тергеу оқиғасы туралы ақпаратты кешенді зерттеу негізінде оған криминалистикалық сипаттама беру, іздер және басқа да дәлелдемелік ақпарат көздерінің жүйесін анықтау, тергеулік жағдайды талдау және оған баға беру, болжам шығару, тергеу әдістемесінің оңтайлы нұсқасын таңдау туралы тактикалық шешім қабылдау шеберлігі тәрізді кәсіби криминалистикалық ойлау негіздерін қалыптастыру басты міндеттердің қатарына жатады.

Екінші міндет — оқиға механизмі, қылмыскердің жеке басы, қылмыстық қастандылық заты, іс-қимылдарға итермелеген себеп-салдар туралы дәлелдемелік ақпараттарды табу, айқындау, бекіту, алу, зерттеу және қолдану мақсатында техникалық-криминалистикалық әдіс-құралдарды пайдалану мүмкіндіктерін практикалық меңгеру.

Үшінші міндет білім алушыларға жекелеген тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізудің тактикалық-криминалистикалық тәсілдерін, нақты қылмысты тергеп-тексеру процесіндегі тактикалық-криминалистикалық комбинациялар мен тактикалық операцияларды оқыту болып табылады.

Өзін-өзі оқыту әдістемесінің негіздерін меңгеру, криминалистикалық білімдерді өздігінен толықтыру шеберлігін білім алушыларға дарытуды төртінші міндет қатарына жатқызуға болады. Ол дегеніміз криминалистикалық қайнар көздермен, жаңа криминалистикалық, ұйымдастырушылық және санау техникасының құралдарымен жұмыс жасауға, меңгерілген шеберлікті бекіту және дамыту амалдарына, қылмыстарды тергеп-тексеру бойынша практикалық қызметті талдау және жинақтау әдістемесінің негіздеріне, сондай-ақ әртүрлі жағдайларда тергеп-тексеруді ұйымдастыру және басқаруды үйрету болып саналады.

Оқыту барысында насихаттық және әдістемелік міндеттермен қатар, тәрбиелік міндеттер де іске асырылады, оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

– заңдылық, әлеуметтік әділдік және адамгершілік тазалық қағидаттарының мағынасын терең ұғыну;

– қылмыстардың алдын алу, оларды ашу және тергеп-тексеру практикасы үшін криминалистикалық білімдердің, әдістер мен құралдардың рөлін түсіну;

– білім алушының біліктілікті арттыру және өзін-өзі оқыту жолымен өз кәсіби деңгейін әрдайым арттырып отыру қажеттілігін ұғынуы.

«Криминалистика» оқу пәні қылмыстарды ұтымды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу мақсатында меңгеруге қажетті криминалистикалық білімдер, шеберлік және дағдылар жүйесімен көзге түсетіндігі сөзсіз. Сол себептен осы пәннің ішкі мазмұнын анықтаушы криминалистикалық теориялық білімдердің деңгейі мен көлемі, криминалистикалық шеберлік жиынтығы, олардың өзара қатынасы бірқатар объективтік факторлардың ықпалымен қалыптасқан. Біріншіден, білім алушылардың жалпы білімдік және кәсіби (криминалистикалық) дайындық деңгейі, оған пәннің түпнұсқалы ғылыми деңгейі және оқу материалының қандай да бір көлемі ұсынылады. Екіншіден, қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу бойынша елімізде қалыптасқан ішкі істер органдары қызметін криминалис-

тикалық қамтамасыз ету жүйесі, яғни арнайы қызметпен іске асырылатын криминалистикалық қызмет көрсету жүйесі. Үшіншіден, білім алушылардың келешек лауазымдық санаттары (жедел-іздістіру қызметкері, тергеуші, маман-криминалист). Ол екінші фактормен ұштаса отырып, техникалық-криминалистикалық құралдарды және тактикалық ұсынымдарды қолданудағы функционалдық міндеттердің мазмұнын алдын ала анықтайды. Төртіншіден, жалпы оқу мерзімінің шеңберінде оқу мерзімі және пәнді оқытуды бастау уақыты. Осымен тиімді білім беру тұғырын құрастырушы арнайы криминалистикалық лексиканы меңгеруде білім алушылардың дайындығы анықталады.

Аталған төрт фактордың жиынтық әсері криминалистика курсының көлемін, ұзақтығын, теориялық деңгейін және практикалық бейінін анықтайды.

Оқытудың қарқындылығы, практикалық бейінді іске асырудың қамтамасыздығы және білім алушыларды оқытуда ішкі істер органдары қызметіндегі ұлттық ерекшелікті ескеру мүмкіндігі материалдық-техникалық базамен, оқу үдерісін ұйымдастырумен, сондай-ақ техникалық-криминалистикалық құралдар жағдайымен анықталады.

Криминалистиканы практикалық тұрғыда оқыту міндеттерін ұтымды шешуді қамтамасыз ету мақсатында оқытудың логикалық алгоритмі мынадай сызбада құрылуы керек: іргелі теориялық білімді ұғыну арқылы практикалық криминалистикалық шеберлікті меңгеру, ал одан машықтану жолымен (оқытушының басқаруымен немесе өздігінен) шеберлікті дағды деңгейіне дейін дамыту.

Криминалистикалық шеберлік және дағдылар іргетасын құрастырушы криминалистикалық білімдерді меңгеру криминалистикада оқытудың басты мақсаты болып табылады. Білім алушыларға берілетін криминалистикалық білімдердің терең деңгейі келешекте өзін-өзі оқыту жолымен кәсіби деңгейін әрі қарай арттыруға негіз болуы керек. Бұл пәнді оқыту тек криминалистикалық білімдер мен шеберлікті, мысалы дәлелдемелермен жұмыс жасау және нақты қылмысты тергеуді ұйымдастыруды дарытумен ғана шектелмей, келешек құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің бойында қылмысқа қарсы күрес міндеттерін шешуде шығармашылық, бастамашылық көзқарастар мен келешек мамандықтың адамгершілік негіздерін құрастырушы дүниетанымдық принциптерді қалыптастыруы керек.

Криминалистикалық білім беру іргелі ғылымның теориялық және әдіснамалық негіздерін ұсыну арқылы оқу пәнінің шеңберінде теория мен практика мәселелерінің оңтайлы ұштасуын табу жолымен қамтамасыз етіледі. Криминалистика курсы білім алушыларды ғылымға құрметпен қарауға, қылмысқа қарсы күрес саласындағы маманның дүниетанымын қалыптастырушы маңызды элементтердің бірі болып табылатын ғылым теориясына түсінушілік танытуға тәрбиелеу керек.

«Криминалистика» оқу пәнінің мазмұнын қандай да бір позитивтік білімдердің, қалыпты жағдайларда нақты криминалистикалық техниканы және тактикалық-криминалистикалық ұсынымдарды қолдану бойынша дайын әдістер жиынтығы ғана ретінде қарастыруға болмайды. Мұндай тар мағынадағы практикалық тәсіл басынан күмәнді болады, өйткені біртектес қылмыстардың өзін тергеп-тексеру практикасында орын алатын қалыпты жағдайлар өте салыстырмалы, демек, оған баға берудің өзі бірыңғай болмайды.

Практикалық ұсынымдардың тиімділігі елеулі деңгейде ұлттық және жергілікті жағдайларды есепке алумен байланысты болады, сол уақытта заңдылықтардың қолданысы мен криминалистика әдіснамасы жалпы сипатқа ие болады. Сол себептен ғылыми-теориялық криминалистикалық білімдердің практикалық құндылығы болғандықтан, олар деңгейлер бойынша саралануы керек. Бір теориялық тұжырымдамалар жалпы ұғыну деңгейінде, ал басқалары құбылыстың мәнін аша отырып, тереңірек баяндалуы тиіс.

Білім алушы жалпы ұғыну деңгейінде криминалистикалық ғылымның даму тарихын, криминалистика нысаны мен жалпы теориясының қалыптасуын, оның құрылымы мен

әдіснамалық мәнін, даму заңдылықтарын, криминалистика санаттарын, криминалистикалық ілімдер мен жеке криминалистикалық теориялар, олардың криминалистикалық ғылым құрылымындағы орны және қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу практикасындағы ролі туралы білу қажет. Сонымен қатар білім алушы заңдылықтардың мәнін ұғыну деңгейінде қылмыстың әртүрлі топтарының жасалу механизмін, типтік жағдайлар мен іздік жүйені ескере отырып, олардың криминалистикалық сипаттамасын білуі тиіс. Іздер мен заттық дәлелдемелерді іздестіру, табу, бекіту, алудың криминалистикалық әдіс-құралдарын меңгеріп, сондай-ақ осы іздер мен заттай дәлелдемелерді алдын ала және сараптамалық зерттеу мүмкіндіктерін білулері керек.

Криминалистикалық білімдер дәріс үстінде және өздігінен жұмыс жасау дерек көздерден алынса, криминалистикалық шеберлік практикалық сабақтарда және өздігінен жаттығуларды орындау кезінде шыңдалады.

Криминалистика курсының барлық тараулары мен тақырыптары бойынша жүргізілетін практикалық сабақтардың басты мақсаты — тиісті криминалистикалық шеберліктер алгоритмін меңгеруде, яғни оқиға орнының материалдық жағдайы, тергеулік жағдай және олармен байланысқан іздік жүйе туралы бастапқы ақпаратты талдау, іздерді табу, бекіту, алу және алдын ала зерттеу әдіс-құралдарын таңдау, тергеп-тексерудің жалпы немесе кезеңдік міндеттерін шешу үшін алынған криминалистикалық ақпаратты пайдалану.

Криминалистикадан практикалық және лабораториялық сабақтарды жүргізу тәжірибесіне жүгінсек, оның барысында білім алушыларда оқу тапсырмаларын орындаумен байланысты бірқатар сұрақтар туындап жатады. Практикалық сабақ үстінде оқытушының, әдетте, тәжірибелік іс-қимылдарды көрсетуден немесе олардың дұрыс орындалуын бақылаудан қолы босамай, барлық қойылған сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап қайтаруға мүмкіндігі болмайды. Дер кезінде жауап берілмеген сұрақ көпке дейін анықталмай, не мүлдем ұмытылып кетеді. Сондықтан криминалистиканы оқып-үйрену кезінде практикалық тұрғыда күрделі, әрі маңызды тақырыптарды өтуді семинармен аяқтаған орынды болып табылады, ол үш мақсатты көздейді:

1) білім алушылармен теориялық білімдерді ұғыну және шеберлікті меңгеру деңгейін тексеру;

2) тақырып бойынша нақты жағдайларда білім мен білікті іске асырудың арнайы шарттарын қарастыру;

3) практикалық сабақты қорытындылау және өздігінен жұмысқа тапсырма беру. Теориялық және практикалық материалды компьютерлік бақылау бағдарламаларының көмегімен меңгеруді пайдалана отырып, қорытындылау семинарларын өткізу олардың тиімділігін едәуір арттырады еді.

Криминалистикалық техника бойынша сабақтарды жарық, құрғақ және жылы мезгілде жүргізу мүмкіндігін сақтай отырып, криминалистиканы төрт семестр аралығында оқытқан жөн. Әрбір семестрден кейін білім алушымен жеке сұхбат жүргізу қажет. Мейлінше қабілетті білім алушыларға жеке жоспар бойынша дайындалуға мүмкіндік беру керек. Курсты кафедрааралық криминалистикалық жаттығумен және толық криминалистика курсы бойынша емтихан тапсырумен аяқтаған жөн. Дәріс және практикалық сабақтарда алынған теориялық және практикалық білім-білікті бекіту мақсатында бәсекелестікке қабілетті жаңа форматтағы мамандарды әзірлеу үшін криминалистикалық жаттығуларды инновациялық ақпараттық технологиялармен ұштастыру керек. Келешек сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші қызметінің ерекшелігі ол шешетін міндеттердің күрделілігі мен сұрақтардың ауқымдылығы, процессуалдық және басқа да құрастырылатын құжаттардың үлкен көлемі қолайлы электрондық-ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін талап етуінде. Осылайша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ішкі істер органдарының бірыңғай сандық инфрақұрылымын

құру мақсатында «Тергеуші» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, «Учаскелік полиция инспекторы» ақпарат қоры және «Шағын қалаларды жедел басқару орталықтарын құру» сияқты жобаларды іске асыру қолға алынған. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық үрдістерін автоматтандыруға бағытталған «Тергеуші» ақпараттық жүйесі мен «Е-қылмыстық іс» бағдарламасы, сондай-ақ басқа электрондық бағдарламалар келешекте бірін-бірі толықтырып отыратынында күмән жоқ. Криминалистік маңызы бар ақпаратпен қамтамасыз етуде «Е-сараптама» ақпараттық жүйесін дайындау және енгізу жоспарланған. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің мүмкіндігін кафедра-аралық криминалистикалық жаттығуларда пайдалану арқылы білім алушылардың интеллектуалдық қабілеттері едәуір артып, келешек мамандыққа деген құштарлықтары біршама жоғарылайтын.

Криминалистика пәнінен сабақ беруші оқытушы туралы да бір-екі сөз айта кеткен дұрыс шығар. Алдымен криминалистика пәнінің оқытушысы ғылымның нысаны мен міндеттерінен, жалпы теориясының жүйесі мен функцияларынан бастап қылмыстың нақты түрін тергеп-тексеру әдістемесі элементтерінің мазмұны мен құрылымына дейін курстың барлық теориялық бөлігін терең меңгерген болуы керек. Алынған білімдер бір ғана ведомство төңірегінде емес, барлық қолданыстағы криминалистикалық басылымдар, яғни оқулықтар, оқу құралдары, монография және ғылыми мақалалардан болуы тиіс. Отандық және әлемдік деңгейде әрбір криминалистика тарауын, әрбір криминалистикалық ілім мен теорияның даму үрдісін, негізгі проблемаларын білгені жөн.

Отандық және шетел криминалистикасының тарихын жалпы және тараулар бойынша білу міндетті. Криминалистика тарихының түсінігі негізгі идеялардың генезисін, ғылымның даму бағыттары мен проблемаларын, оларды дүниеге әкелген танымал ғалым-криминалистердің өмірі мен қызметін, сондай-ақ ғылыми мектептер мен ғылыми-практикалық криминалистикалық мекемелердің қалыптасу кезеңдерін қамту керек. Бұл білімдер тек оқулықтан ғана алынбай, олар міндетті түрде криминалистика саласындағы тергеулік, жедел, сараптамалық немесе ғылыми-зерттеу жұмысы тәжірибесімен бекітілуі тиіс. Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру практикасы криминалистикалық шеберлік пен дағдыларды жоғары деңгейде меңгеруді қамтамасыз етеді, оларды еркін қолдана білу әрбір криминалистика пәнінің оқытушысына қажет. Оқытушы, жоқ дегенде кафедра қарамағындағы барлық техникалық-криминалистикалық құралдарды еркін меңгеріп, криминалистика курсына енгізілген барлық практикалық тапсырмаларды үлгілі орындай алуы керек. Осылайша оқытушының педагогикалық тұғыры криминалистикалық білім-білікті әрдайым толықтырып отыруға және өзін-өзі оқыту жолымен жетілдіруге мүмкіндік беретіндей дәрежеде болғаны жөн.

Тергеу және криминалистикалық бөліністерінің білікті мамандарын дайындаудың басымды бағыты оқытудың бейімділігін күшейту болып табылып, оған Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі де ерекше көңіл аударып отыр.

Білім берудің, оның ішінде криминалистикалық білімнің тәжірибелік бағытын күшейту, оқыту және мамандарды әзірлеу сапасын арттыру мақсатында инновациялық технологияларды дамыту жолында өзінің елеулі үлесін қосып келе жатқан Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы биыл елу жылдық мерейтойын атап өтуде. Бәсекеге қабілетті, жаңа форматтағы мамандарды даярлауда беделді білім ордасына табыс тілей отырып, елу жыл қалыптасқан озық тәжірибені тарату үрдісін жалғастыру шеңберінде мақала тақырыбына қатысты ұсыныстарды атап өтсек:

– қызметкерлердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруда, оларды телекоммуникациялық технологиялармен жұмыс жасауда тиісті білім-білікті қажет ететін жаңа жағдайларға бейімдеу, білім беру бағдарламаларының басымдылығы болу керек. Осыған орай Академияда құрамы ІІ-саласының мамандарымен жасақталған кафедра ашу, кейіннен ақпараттық

қауіпсіздікке қатысы бар мамандықты бітірген түлектерді ішкі істер органдарына қызметке (мысалы, автоматтандырылған жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуші мамандарды) қабылдап, полиция жұмысына бейімдеу мақсатында қайта даярлықтан өткізу өз нәтижесін беретіні сөзсіз;

– білім беру қызметінің техникалық жасақталуын жетілдіру мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық процестерін автоматтандыруға бағытталған ішкі істер органдарының қолданысындағы «Тергеуші» сияқты ақпараттық жүйелерімен және басқа да құқық қорғау органдарының электрондық бағдарламаларымен оқу үдерісін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру;

– қолданыстағы стандарттар мен талаптарға сай кадрларды даярлау үшін, біздің ойымызша, криминалистика кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамында ғылыми дәрежесі бар мамандармен қатар, жедел-криминалистикалық және сараптама бөліністерінде жұмыс тәжірибесі мол қызметкерлер, сондай-ақ химия, биология, медицина, IT-технологиялар саласындағы мамандардың және тағы басқа мамандықтардың өкілдері де болуы керек;

– білім алушылардың білімін бағалау рәсімдерінің ашықтығын, баға қоюдағы шынайылықты, оқыту үдерісі мен білім алушылар білімін бақылау процестерін ажыратуды қамтамасыз ету мақсатында бейіндік пәндер бойынша емтихандар жазбаша өтуі тиіс.

Қорытындылай келе, курстың мазмұны мен құрылымын, оқытудың нысаны мен әдістемесін анықтайтын криминалистикаға оқыту тұжырымдамасы объективті факторларға негізделген. Осылайша криминалистика білімдерді толықтырып-жетілдіру, арнайы әдебиеттермен жұмыс жасау, тәжірибелер қою, жұмыс жетістіктерін талдау және жинақтау, күнделікті практикалық міндеттерді шешу үшін алынған білімдерді пайдалану, практиканың сұрақтарына дұрыс жауаптар табу, эвристикалық ойлау әдістерін меңгеріп, соның негізінде стандартты емес жағдайларда дұрыс шешім қабылдау бойынша бағыттарды өздігінен анықтай алуға үйретіндігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019–2021 жылдарға арналған жол картасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000897>

РЕЗЮМЕ

